



Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал

1961 жылы Алматы облысы

Панфилов ауданында туған.

ҚазҰУ-дің журналистика факультетінің түлегі.

“Мәдениет”, “Қазақ әдебиеті” газеттерінің

Бас редакторы қызметтерін атқарған.

Қазір “Жас алаш” газетінің Бас редакторы.

“Көгілдір керуен”, “Жансебіл” кітаптары мен

“Жансебіл” көркемфильмі сценарийінің авторы.

“Тарлан – Үміт” сыйлығының иегері.

Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК



ӨМІРДЕН ҚЫМБАТ...

КИНОХИКАЯТ

I

Түссіз жылтыр лак жаққан еден, жіңішке тылғын тактай көздей-көздей бұтақтарына тесіле қарап отырып, лакпен бірге қатып қалған титімдей кара құмырсқаны көріп, ойым бөлініп кетті. Тура сол құмырсқаның қасында менің тор көзді шақпақ дәптерім айқара ашылып, өлденеше рет төніп барып-қайтқан сүйір қаламға кіршіксіз, аппақ бетін тосып, ашық-шашық жатқан болатын. Өзімше кіршіксіз екен, аппақ екен, өтірікпен былғамай, тек шын болған оқиғаларды ғана жазайын деп, бірақ ештеңе де жаза алмай, азаптанып отырған едім. Құмырсқаны алып тастамақ болып, тырнақ ұшымен тықырлатып тырналай бергенімде, сыршының салақтығынан лакпен бірге еденге жабысып, қатып қалған сорлы жәндікке түк те қатысы жоқ, жазайын дегенімнен де мүлдем басқа бір оқиға “мені жаз”, “мені жаз” деп, шырқырап келіп, ойыма орала кетті. Әлдеқайдан жел ұшырып әкелген алқызыл орамал кездейсоқ мойныма орала кеткендей өсерленіп, жүрек тұсымды шымыр еткізген сезім ұшқыны алды-артыма қаратпай, дегбірсіздендіріп ала жөнелді. Ештеңені ұмытқам жоқ, әр сәті, әр минөті есімде, ақ қағазға қызыл сиямен күйылып түсіп жатқан таңбалардай ап-анық, ап-айқын.

Жолай салып алып, жолай қалдырып кетем деген сары қыз жолақысын алмай қойғанымда:

— Арам ойыңыз бар, ә, — деп қолсөмкесінен өмиянымен бірге суырып алып, аузына салған темекісін бүрк еткізді.

Қабағы домбығыңқы, көзі томпақтау, жүзі сәл сопақша келген сары қыз еш алыс-берісі жоқ болса да, адамға өз-өзінен жек көре, суық қарайды екен. Қай жерінен көріп тұрғанымды бір құдайым білсін, әйтсеуір түрінде қоз тоқтатып, зерлеп қарауға мәжбүрлейтін өзгеше бір сүйкімділік бар, әлде менен кемі жиырма-жиырма бес жас кіші көрінгеннен соң ба екен. Төпеп жауған жаңбыр тамшыларын сүрткісі келгендей, ұзынша сүйрік саусақтарымен терезені іш жағынан сипап-сипап қойды. Бойы аласалау сияқты көрініп еді, ұзынша саусақтарына таңғалып қарай беріп, омырауының да ерекше бұлтиып шығып тұрғанын байқап қалдым.

— Еркектердің бәрі ұятсыз, — деді ол күйкентай құсап шақ етіп, себепсізден-себепсіз ызбарлана қалып.

— Мен сізге ашуланатындай ештеңе дегем жоқ қой, — дедім әлгі сөзі оғаш естілсе де, құлағыма жаға кеткендей емеқсіп.

— Кім!.. — деп кекете күлді ол, өзіне нық сенімді адамның басқаны менсінбегендегі кекесін күлкісімен. — Жолақы алмасаңыз, бай шығарсыз, ана сорлыға көмектесіңіз.

Арбаға таңылған мүгедек жігіттің қалың жаңбырдың астында қасымыздан қараң етіп өте бергенін мен де көріп қалғам. Астындағы арбаның биік дөңгелектерін қимылына көз ілеспей, тез-тез айналдырып, әлдеқайда асығып барады. Қасынан зулап өте шыққан ақ “Жигули” былш

еткізіп, үстіне лай су шашып кетті. Мүтедек жігіт оған да қараған жоқ, арбасының дөңгелектерін жанұшыра айналдырып, ұзай берді.

— Оңба-ға-н-н! — деді ол мүтедек жігітке су шашып кеткен мәшиненің соңынан тесірейе карап. — Күлсалғышыңыз қайда?

— Сыртқа тастай беріңіз.

— Мен көшені былғамайтын адаммын.

— Ә, онда, міне.

Мен кекете күліп, екі ортадағы күлсалғышты сыр еткізіп суыра қойдым. Ол жартылай шегілген темекісін күлсалғыштың ішіне саусағын майыстыра бір мыжып өшіріп, сырт еткізіп қайыра жаба салды. Тізесіндегі сөмкесін қолына алып, суық жаңбырдан бойы тітіркенгендей иығын қушитып, ырғала бір сырғып, мәшинеден тез түсіп кетті. Шыққан бетте-ақ жаңбырдың астында қалып, онысына еш өкінбегенін білдіргісі келгендей, әлде қыр көрсеткендей ме, артына қайырыла беріп, қолын бір бұлғап қойды. Мен де қолымның ұшын шошайтып, қоштасқан болып, абдырап отырып қалдым.

х х х

Селк етіп артыма қарадым. Есік көзінде состиып келіншегім, үрпиіп екі балам тұр. Қолаң шашы қобырап, ашаң жүзі жүдеу тартып, ашық маңдайына аз күнде-ақ әжім із тастай қалыпты. Ес білер жастағы екі балам да маған томсарып, жатсырай қарайды.

— Бізді шығарып салуға уақытың жоқ шығар.

Келіншегімнің дауысынан салқын сыз білінді. Мен оған алая карап, мелшиіп отыра бердім. Ол жазғы демалысында балаларды ертіп, төркіндеп ауылға кетіп бара жатыр еді. Жылдағы әдеті сол, тек бұрын-соңында сүмендеп мен еріп жүретінмін. Туа жетім мен байғұс әуелгіде әжептәуір-ақ емексігем. Бірақ жыл өткен сайын бөтендігі өз-өзінен біліне берді.

Біз-дағы жартасқа ұя салған құс тәрізді едік. Құстардан айырмаларымыз сол, ұшарға қанатымыз жоқ. Биік таулармен бой жарыстырған көпқабатты тас үйлердің бір қуысында ұрпақ өрбітіп, бұйырған дәм-тұзымызды татып тұрып жатырмыз. Құс-өкені осынау биік жартастағы ұяға жалғыз тастап бара жатқан Құс-ана:

— Қайда кетер дейсің, табылар ол қарында-сың,— деді ұрғашылығын істеп.

“Ол қарындасың” деп әдейі бөтенсітіп тұр. Бір кіндіктен емес, асыранды қыз екенін бетіме басқан түрі.

— Сен... Сен сыйдырмадың бұл үйге... — дедім тістеніп. — Әйтпегенде... Теріс жолға түспес еді...

Менің де жетісіп тұрғаным шамалы. Бұл үйге мен де жетімдер үйінен келгем. Өгей шешеміз — сол жетімхананың кіреберісінде әркімге бір

айқайлап үрсып отыратын кара кемпір алдымен мені бауырына басқан. Бір күні сабақ оқып отырған үстіме қызылтанаулап, өшкені жанып, өлгені тіріліп келгендей бақырып-шакырып айғайлай кірді.

— Сенен ауса неғыл дейсің... Бір әке, бір шешеден туғандай...

Сабакпен басым қатып отырған мен оның сөзіне аса мән бере қойғам жоқ. Ол жазу үстелінің қасындағы ағаш орындыққа кең етегі жайыла жалп етіп отыра кетті.

— Апатай, ертең емтихан ғой. Оқуға түсе алмай қалсам қайтесіз? — дедім сомадай басыммен арсаландай күліп.

— Жалғыз қайтіп тастап кетем мен сені? — деп кемсендей қалды апам. — Сен ғой азамат болдың. Ол мектепке енді барады екен. Аман-есен өссе, қолғанат болады ғой.

— Не айтып отырсыз, апа? Кітабымды кері ысыра салып бетіне таңырқай қарадым. Жетімханаға біреуді әкелсе болды, сол маған ұксап шыға келеді екен.

— Жоқ, айналайын... — деп ол кісі енді шынға көшті. — Бұл — түп-тура сенің қарындасың. Жалғыз жүрмейтін болдың енді.

Кейін әкелгенде көрдім, сол жақ шекесінде дәл менікіндей жапырақтай қалы бар екен. Елде жоқ, жұртта жоқ Сакура деген есімі де тосындау көрінді. Апамыз көп ұзамай дүниеден озып, артында аңырап шын жетім болып Сакура екеуміз қалдық. Арада бес-алты жыл өтіп, мен институт бітірген соң, маған жар, оған жеңге болып бұл үйге екеумізге де бөтен біреу кірген. Бар болған-біткені осы.

— Мен де біреудің қарындасы емеспін бе, — деді келіншегім жаңағы айтқан сөзімді елемегендей, табалағандай жақауратып. — Мүмкін... артымыздан келерсің... керек болсақ...

Зілмауыр емен үстелдің басында мелшиген тас мүсін бөрібір қозғалған жоқ. Алла тағала құқық жағынан артық жаратқан Құс-еркек өмірдегі тап келген бұл бақытсыздығын ұрынарға кара таппаған соң, өзінің әлсіз көшірмесі — Құс-әйелден көргендей түрі бар. Балапандарын ерткен Құс-ана көзден ғайып болды. Көзімнен тырс етіп бір тамшы жас домалап түсті.

Кеудемнен өрге қарай бір ыстық жалын лап қойды да, көзім түк көрмей кетті. Шеңбірек атқан қызылды-жасылды кемпірқосақ па, көпіршіп қайнап, балқып тасыған қызыл жалқын қорғасын ба, шашылып түсіп, секіре домалап бара жатқан баданадай-баданадай қызылала моншақтар ма — әйтеуір көз алдымдағының бәрі қып-қызыл.

Сүлдерімді сүйретіп, терезенің алдына бардым. Көшеде жаяу адамнан мәшине көп. Қым-қуыт сапырылысып, ары-бері ағылып жатыр. Желдеткішті ашып қалып ем, газ бен түтіннің

коңырсық иісі қолқамды қапты. Ары-бері мойнымды созып қарап, аялдамадан балаларым мен келіншегімді көре алмай, тағы қамықтым. Ішім удай ашып қоя берді.

х х х

Кеш батқанға әлі ерте болса да, айнала карауытып, жаңбыр үдей түсті. Аялдамада шошайып-шошайып тұрған бес-алты адам болмаса, көшеде басқа жан баласы жоқ. Мен әлгі сары қыз ендігі үйіне кіріп кеткен шығар, жанағы мүгедек жігіт те жетер жеріне жетіп алған шығар деп ойладым. Кілтке соза берген қолым дір еткендей болды – “Көргім келмейді сені!..” Қалың жаңбырдың арасынан таныс сұлба қаран ете қалып, қолымды кілттен еріксіз тартып алдым. Жанағы мүгедек жігіт қалақтай денесімен итің-итін етіп, төмен қарай қайыра салып ұрып келеді екен. Байқұс біреуді іздеп жүрген болдыға жорып, жаңбыр тамшылары сорғалай аққан терезеден үніле қарап, көзбен ұзатып салдым. Қала адамдарының мұндай көрініске еті өліп кеткен, ешкім елең қылған жоқ. “Бір күні апатқа ұшырап қалып, мен де осындай мүгедек болып қалсам қайтем?” деген мағынасыз бір ой жүгіріп өтіп, “Алла сақтасын... Маған не болған?..” – деп өз-өзімнен әбігерленіп, қарадай шошындым. Іштегі қыжыл бәрібір тарқаған жоқ: “Сенің нең кетеді, сорлы басым сорлап қалдым деп жылаймысың әлде?..”

Жаңбырға тасбұршақ араласып, мәшинемнің төбесін тоқырлатып ұрғылай бастады. “Бармаймын!.. Бәрібір бармаймын!..” – деп қалай күбір еткенімді өзім де аңдағам жоқ. Сары қыз ұмыттырып жіберген ашу басыма қайта қайнап шықты. “Сары қыздар көңгіш келеді” деген һарам ой да ашумен жарысып, әлдеқашан жаңбыр шайып кеткен ізден есекдәмелендіріп қоятын секілді. Ішкі ой арпалысы қайткенде де әйелімнің артынан бармай қалуға себеп іздеген пасықтығымнан түк шықпасын аңдатып, “тфит” дегізіп аяғымның астына бір түкіртті. Күрғақ “тфит”, күрғақ ашу: түк те былғанған жоқ, түк те бүлінген жоқ. Күнжыңдап мәшинемді оталдыра бергенімде, аялдамадағы әлгі шошайып-шошайып тұрған бес-алты адамға жан бітіп, мойындарын соза-соза қалысты. Зарықтыра күткен көліктері келіп қалғандай, бір-біріне қарап, қолдарымен өлденені нұсқап көрсете бастады. Қимылдары әнтек көрініп кетті де, жақтау айнадан арт жағыма үнліп мен де қарадым. Төпеп ұрған тасбұршақтың астында мықшындаған жарым сұлба бұлдырай көрінді. Жоғары өткенде де, төмен өткенде де мән бермеген адамдар енді ғана күдік алғандай елеңдесіп тұр. “Мұнысы несі?” – деп, мүгедек жігіттің оғаш қылығынан мен де тіксініп қалдым.

Дәтім шыдамай, әуестік те бар, терезе әйнегін түсіріп жіберіп, сыртқа мойын создым. Суық жаңбыр сабалай жөнеліп, сұп-суық тамшылар мойнымнан төмен қарай сорғалап құйылып кетті. Басымды ішке тартып ала алмай қалдым, арбасын шикылдатып қатарласа берген мүгедек жігіт еріксіз кідіртті. Басы жұдырықтай, көзі алақандай, қалақтай ғана жұқалтан қара жігіт екен. Шеке тамыры білеуленіп, мойын сіңірі адырайып, өні түтіге қарауытып, қан-сөлін ішіне тартып алған. Қалқайған құлағы мен қасқиған маңдайына тиген тасбұршақ көзге көрініп-ақ ыршып-ыршып түсіп жатыр. Кенет көзіне көзім түсіп кетіп еді, қызара қанталаған жанары жалбарынышқа толып, көмек сұрағандай үмсына бір қарап, жалт берді.

– Әй!.. Әй, жігіт, тоқта! – деп дауыстадым.

Шолтандаған тізесінің тұсындағы өндірішпектей сарайған тежегішті шірене тартты. Жаңбыр суы шайған жылтыр асфальтты сыза тоқтады. Мені желкесімен көріп отырғандай, қимылсыз ката қалды. Үсті-басынан жаңбыр суы шүмектеп сорғалап тұр. Екі жауырыны болмашы діріл қағады. Етімен ет боп жабысқан жейдесі қабырғаларын ырсыта түскендей. Қыр арқасы пышақтың қырындай. Мойны ырғайдай. Қылдай арық.

– Әй жігіт!.. Апарып тастайын ба?.. – дедім сенімсіз қылғына дауыстап.

– Қайда?..

Дауысы нық естілді. Мен сасып қалдым. Сұрағын бар күшін салып, өдейі анық айтқандай. Әйтпесе, екі жауырыны әлі дірілдеп тұр. Аяп, мүсіркегенді ұнатпайтын шығар, сыр бермеген түрі. Қарсы сұрақ қойып тұрғанын қара. Бекер-ақ ілініскендеймін. Енді кеш.

– Қайда барасыз деймін?.. Апарып тастайын...

– Рахмет... Мен ешқайда бармаймын...

Тасбұршақ құлағымның ұшын тыз-тыз еткізді. Шертпек алғандай шекемнен де тырс-тырс ұрады. Қойын-қонышымды түгел су аралап кетті. Мүгедек жігіт селт етер емес. Жаңбырдың астында мелшиіп отырған мына отырысына енді мен кінәлі сияқтымын. Аялдамадағылар да бізге таңырқай қарап тұр. Екі ортада не істерімді білмей, қыжалат болдым да қалдым.

– Әй, былай шетке шығып тұр. Мәшине қағып кетеді, – дедім жыным келіп.

Жалт бұрылып, алайып қарады. Шынында да, мені кінәлағандай түрі бар. Барлық жеккөрінішін маған қарата, кірпік қақпай, сүлікше кадалды.

– Ал, бас!.. Жүргіз мәшиненді! – деді қалш-қалш етіп. – Мен бағанадан бері өле алмай жүрмін ғой, көрмей отырмысың?! Мәшиненің астына түсе алмай жүрмін!.. Мына ит өмірмен қоштаса алмай жүрмін мен!..

Ол тізесі шолтаңдап, өзін-өзі жұлқылай

бастады. Арбасын аударып тастағысы келіп, оңғасолға теңселіп аласұрды. Арбасының биік дөңгелектері жерден кезек-кезек көтеріліп, шайқалақтап кетті. Есікті аша бергенімде, аялдамадағылар шу ете қалды. Арт жақтан қатты келе жатқан мәшине дауысы естілген. Іле кикшиқ етіп ысқырған дыбыс дәл құлағымның түбінен шықты. Мүгедек жігіттің арбасын шыр айналдырып, қарсы қарап тұра қалғанын ғана көріп үлгердім. Асфальтты ысқырта сызып, бұлталақтап келген қара “Мерседес” мәшинемді қапталдай, шақыр еткізіп бір ұрып өтті. Бетімді қалқалап бұға бергенде, қос дөңгелекті арбаның аспанға шырқ айнала ұшып бара жатқанын ғана көріп қалдым. Сол сәтте әлдене бар салмағымен төбемнен гүрс етіп құлап түсті. Мәшинемнің төбесі ішке жапырыла майысып, алдыңғы терезенің құлпаршасы шықты. Кескен томардай шолтиған жарым сұлба мәшинемнің төбесінен ақырын сырғып барып, жерге былш ете қалды.

х х х

Ол таспиығын қолына алды. Сүйріктей саусақтары жып-жып етеді. Содан соң оқыс тоқтай қалады. Сол тоқтаған жерінде бір түйін бар. Таспиық шисленісіп, бес-алты тасы бөлек түйінделіп тұр.

— Айналаңызда пендешілік көп екен, — деді көріпкел келіншек.

— Адамдардың бәрі пенде ғой, — дедім мен.

Ол алақандай үлкен көзімен алайып бір қарады. Онысында ешқандай реніштің белгісі жоқ, өзімсініп, іштартып, магниттей аясына тартып алды. Сол-сол-ақ скен, мен тас қараңғы түнде фар жарығы шалған қояндай тыпырладым да қалдым.

— Дос-жарандарыңыз сіздің көзге түскеніңізді қаламайды, осылай елеусіз жүре берсе екен дейді.

Осы сәт мені сайтан түргітті. Көріпкелдің арбауынан жып етіп шығып кеттім. Е, оны өзім де білемін. Кез келген адам көзді жұмып отырып-ақ айтуға болады мұны. Адамдардың бәрі сондай, маскүнем де өзін өзімен бөтелкелес маскүнемдер көрс алмайды, қызғанады, менің кісі болғанымды қаламайды деп ойлайды. “Соларға ерегісіп, күйіктен ішемін” деп, көйлегінің омырауын қараптан-қарап тұрып қақ айырып салады.

— Бағыңыз ашылайын деп тұрғанда, сізді біреу орға итерген скен. Содан оңбай сүрініпсіз. Мінгеніңіз тұлпар, ұстағаныңыз сұңқар болыпты. Сүрінгенде тұлпарыңыз ақсаған, сұңқарыңыздың қанаты сынған.

Таспиықтың құмалақтай-құмалақтай тастары көріпкел келіншектің сүйрік саусақтарының арасынан сырт-сырт аунап, тізбектеліп өтіп жатыр. Мен өзімді-өзім еркін билеп алғанмын, көзім таспиықта болғанмен, көңілім басқада. Көріпкел

келіншектің бұл айтқандары да жаңалық емес. Жығылған-сүрінгеннің бәрі өзінің жіберген қатесін өмірі мойындамайды. Жақынын жатқа санайды, жатпенен жауласады. “Мені шалған, сүріндірген сол”, — деп кектенеді.

— Сізге қатты ашулануға болмайды.

Күліп жібере жаздап, өзімді өзім әрең тежеп қалдым. Ойпырым-ай, осындай да көріпкелдік болады екен. Шырпыдай тез тыз ете қалатын мен қалай ашуланбай жүре аламын. Лап етіп өртеніп, быж етіп сөне қалып жүргенім жүйкемнің тозғандығынан да емес. Мені көре алмайтындар, менің өспеуімді тілейтіндер, мені аяқтан шалатындар мынау жарық жалғанда жырттылып айырылады емес пе?

Көріпкел келіншек қабағын шытынды. Қап-қара қасы қайшыласа қалды. Өңін суық ұстап, қабағын шытыңғаны өзіне жарасып тұр. Менің оған сенбегенімді, басқалардай елпек қақпай, мерейімнің өзінен үстем болып отырғанын аңдаған тәрізді. Иә, мен оп-оңай қалпақпен ұрып алатын боркемік, осал адам емеспін. Дәтім берік, дінім қатты адаммын.

— Тәубә де! Тәубәңа кел! Сен жазыласың, — деді көріпкел келіншек.

— Қалай жазыламын мен? — дедім тұла бойым өртеніп, күйіп-жанып.

Жаңағы астамшыл ойдың ізі де қалған жоқ. Кенет “мына көріпкел бірнәрсені айтып қала ма?” деп үрейім ұшты.

“Бұл оны қайдан білсін?!” — деп, ой мен ой таласа кетті басымда. Көріпкел келіншектің тастай қатты уысында шыбын жаным шырқырап, басым мәңгіп, арбалып отырғанымды емес-емес сезгендей болдым. Арбаудың ықпалынан шыққым келіп, тыпырлап, енді-енді ес жия бергенімде, көріпкел келіншектің жүзі шынымен де нұрланып, жұмсақ жымыып:

— Сіздің жүрегіңіз үлкен. Дергіңіз ең жақын адамыңыздан келіп тұр. Адасқан бейбақты қашан шын көңіліңізбен кешіресіз, сол кезде бұл дертіңізден де құлан-таза айығасыз. Қане, кешірдім деңізші, — деді мейірленіп.

— Жоқ!.. Не айтып отырсыз?.. Менің ешкімім жоқ... Мен жетім өскем... — дедім таңдайыма кермек жастың дәмін алып.

— Солай ма еді... Мына құмалаққа басқаша түсіп тұр ғой...

— Жоқ!..

Бойымды оқыс жиып алдым. Қолымды ербеңдете сермеп қалып, сыртқа шыға жөнелдім. Абырой болғанда, есік алдында ешкім жоқ екен. Төңірек қоңырайып, ымырт үйіріліп қалыпты.

“Кешірем ғой... Кешірмей қайда барамын...” дедім күбірлеп.

х х х

Екі аяғым екі пұт тас байлап қойғандай зіл

батпан. Орнымнан қозғала алмай, соқыр адам құсап түртінектей бердім. Қайдан жиналғаны белгісіз, әйтеуір қараң-құран еткен адамдар көбейіп кетті. Төбенің майысқан жерінен жаңбыр суы ішке сырқырап құйылып жатыр. Сынған терезенің жақтауынан қызғылт тамшылар сорғалап тұр. Кенет көпшіліктің арасынан үстінде қызғылт халаты бар сары қыз көзіме оттай басылды. Бір көзі менде, бір көзі жерде жатқан мүгедек жігітте, өңі қашып состиып қарап қалыпты. Оның осы тұрысынан-ақ мүгедек жігітке енді ешқандай көмектің керегі жоқтығын, байғұстың тілеген тілеуіне жетіп, өліп қалғанын айтқызбай түсіндім. Орнымнан ақырын қозғала беріп, кінәлі адамдай сары қызға көзімнің астымен ұрлана бір қарап қойдым. “Енді не істер екен?” дегендей, елден ерек бар назарын маған аударып, кадала қалыпты — “Оңба-ға-ан-н!”

Сәл саябырсып, сіркіреген жаңбыр болмаса, өмір бір сәт қалт тоқтап қалғандай еді. Тыныштықты есіктің сықыр еткен дыбысы бұзды. Ақырын итерген есік әлдебір жұмсақ затқа барып тірелді. Оның не зат екенін көрмей-ақ біліп, ішім мұздап кетті. Жартылай ашылған есіктен суырылып сыртқа шықтым. Тәуір киінген, толықтау келген, түрі сұстылау, нығыз кара сұр жігіт:

— Мұны танитын біреу бар ма? Мен кіммен сөйлесуім керек? — деді көзін алартып.

— Бұл бейбақтың ешкімі жоқ... Сұрауы жоқ... — деді топ арасынан әлдекім қыжырта сөйлеп. — Сенің бакытыңа қарай...

Жұрт қалай тез жиналса, солай тез тарай бастады. Кара “Мерседестің” иесі де сөйлесетін адам таппай, қолын ызалана бір сілтеді. Анадай жерде жолға көлденең тұрып қалған мәшинесіне кіріп кетіп, қайтып шықпай қойды. Ақыры сіркіреген жаңбырдың астында біз үшеуміз-ақ қалдық — жаңа ғана жантәсілім еткен мүгедек жігіт, өлікті тастап кетуге дөті шыдамаған сары қыз және мен.

— Терезеден бәрін көріп тұрдым, — деді сары қыз қатайып, — сіз неғып кетпей тұрдыңыз?

— Үйдегілермен ренжісіп кетіп ем. Мына қырсықты қарашы, — дедім қынжылып.

— Ә, солай ма? Оныңыз бекер болған. — Сары қыз сәл жұмсарып, езуіне мысқыл үйірді. — Жедел-жәрдем қашан келер екен? Полициясы да жоқ. Жаңа митинг болған жерде қаптап жүр еді.

— Сіз не, әлгі демократтардың митингісінен келе жатыр ма едіңіз? — дедім мен жұлып алғандай. — Мен де соннан шықтым ғой.

— Солай ма?..

Сары қыз жүзіме енді ғана мән беріп, анықтап қарай қалды. Осы сәтте көшенің басынан ию-кию дауыс естіліп, түмсығы мен төбесі жарқ-жүрқ еткен жедел-жәрдем мәшинесі де көрінді. Бір тал, екі

тал тырс еткен тамшысы болмаса, жаңбыр да тоқтаған. Сары қыз суы сорғыған халатының етегін бір бұрап сығып, сілкіп тастады.

— Мүмкін болса тағы жолығармыз, — дедім мен.

— Өмір ғой, жолықсақ жолығармыз, — деді сары қыз.

Әп-сәтте бірінен соң бірі киқулата келіп, оңды-солды тоқтап жатқан мәшинелердің ортасында қалдық. Жүзі суық бір сакшы менірейіп тұрған мені жеңімнен тартып, сары қыздан бөліп әкетті. Қимас бір танысым адасып қалып бара жатқандай, артыма алаңдап қарайлай бердім. Сакшы “тез жүр” дегендей, жеңімнен тағы бір тартып қалды. Мені адам құрлы көріп келе жатқан жоқ. Намыстанып, жалт қарап ем, сары қыз көзіме түсе қоймады. Түп-тура... қапелімде... Сакурадан айрылып қалған кезімдегідей, жүрегім шым ете түсті.

х х х

Тентек болған тоқтыдай айналып-айналып, көріпкел келіншекке қайтып келдім. “Осы келіншектің көзі неге үлкен?” деген таңданыс бөлмеге менімен бірге жарыса кірді. Сол кіргеннен-ақ мен қызыл ала кілем жабылған жұмсақ орындықта әлдекімді күткендей бойын жинақы ұстап, тіктеліп, есікке карама-қарсы отырған келіншектің алақандай көздеріне жұтылып кете бардым.

— Алты қырдың астында қалған адал көңіліңіз бар екен, — деді ол қолындағы таспиығын тізбелеп. — Содан бастап сізге қарау көлеңке ілесіп алған. Ол сізден бұрын ойлайды, сізден бұрын сөйлейді.

— Рас болса, мен енді одан қайтіп құтыламын?

— Әлгі мен айтқан ең жақын адамыңызды шын ниеттеніп кешірген күні адал көңіліңіз өзіңізге қайтып оралады.

— Іздеп жүрмін ғой. Сол іздегенім кешіргенім емес пе?

— Жоқ, сіз оны іздеп жүрген жоқсыз. Сіз өзіңізді іздеп жүрсіз. Өзіңізді тапқан соң барып қана кешіресіз оны. Ал тап қазір оны іздей қоятындай халде емессіз. Өз ар-намысыңызбен алысып, өбден қалжырап, ауруға шалдыққансыз. Шаршағаннан тыныққыңыз келгенде арқаңызға жабысқан қарау көлеңке бүйіріңізден түртіп қалады. Осынымды өтірік деңізші, қане.

— Рас, айтқаныңыздың бәрі рас.

— Ендеше, мен сізге мынаны айтайын. Сіз ақиқат шындықты әлі толық мойындаған жоқсыз. Тек содан қорқып, үрейіңіз ұшумен ғана жүрсіз. Міне, көрдіңіз бе, таспиықта тағы да бір түйін қалып тұр. Бұл түйінді екеулеп шешуіміз керек. Сонда бәрі де орнына келеді.

— Ол үшін мен не істеуім керек?

— Мен сізге ең жақын адамыңыздан бір дерт келгенін білем. Сіздің оны кешіре алмай жүргеніңізге



де көзім анық жетіп отыр. Бірақ оның кім екенін, сіздің жаныңызды жаралайтындай не істегенін білмеймін. Оны маған қазір өзіңіз айтып бересіз.

- Онда бұл түйін шешілмейтін болды десеніңші.
- Жан түкпіріңіздегі жегі құрт кой ол.
- Онда... Онда... Сіз өзіңіз сұрап көріңіз...
- Сұрайын онда...
- Сұраңыз...

Көріпкел келіншектің ту сыртындағы қабырғаға көзім түсті. Қаракөк аспан, жыпырлаған жұлдыз. Өткен жолы келгенімде бұл суреттің болған-болмағанын есіме түсіре алмай отырмын. Көріпкел бұл суретті келген адамды әсерлендіру үшін ілген болар. Осының өзі күпірлік. Мен аспанға, ғарышқа тән адаммын, сен жер басып жыбырлаған бейшара пендесің деп тұр. Бірақ Алла тағала өзі қалаған адамының бұл күпірлігін кешіретін де болуы керек.

Бұл менің көріпкел келіншекпен іштей тайталасқандағы түрім еді. Ол менің бұл пендешілігімді сезсе де, сезбесе де, назар аударған жоқ. Алдындағы ақжаймадан таспиығын қайтадан қолына алды да, тізбелей жөнеліп, әлгі түйінге тағы тірелді. Содан соң өуезді, жұмсақ үнмен сыпайы ғана тл қатты.

— Бәрін басынан бастайық. Сіз маған бәрін қайталап айтып беріңіз.

- Нені айтамын?
- Азан шақырып қойған есіміңізді айтыңыз.
- Азан шақырған-шақырмағанын білмеймін. Бірақ атым — Есқат.

- Әкеңіздің аты кім?
- Әкем жоқ.
- Әкеңіз жоқ болса да, аты бар шығар?
- Жоқ, аты да жоқ.
- Жарайды, жасыңыз қаншада?
- Қырық бірдемін.
- Іздеп жүрген адамыңыздың аты кім?
- Сакура...
- Оның сізге қандай жақындығы бар?
- Қарындасым... Жалғыз қарындасым...
- Кіндіктес пе?..
- Оны неге сұрадыңыз?..
- Айта беріңіз...
- Жоқ... Жетімханадан асырап алғанбыз...
- Жәй сұрағаным ғой...
- Соңымнан ерген... қолымда өскен...
- Одан қалай айрылып қалдыңыз?
- Көріпкелсіз ғой, өзіңіз таппайсыз ба?
- Мен білем. Бірақ сіз өзіңіз айтыңыз.
- Жоқ, айта алмаймын.
- Қорқасыз ғой. Шындықты айтуға қорқасыз.
- Қорықпасам ше?
- Онда маған тура қараңыз.

Көзіміз түйісіп қалды. Құдай-ау, көзі неткен үлкен. Аялы, шаралы көзімен ол маған елжірей

қарап отыр. Сакураға да мен өстіп елжірей қалушы едім. Оның шашы көмірдей қап-қара болатын. Қасы да көмірмен сызғандай еді. Кішкене кезінде де жәудіреген жанарына түпсіз мұң тұнып тұратын. Бұл қыздың елден ерекше қандай мұңы барын біле алмай әлекке түсетінмін. “Жетімдігінен шығар” деп бір кесек өксік тамағыма тірелетін. Оның өмірдің сырын, өтті-кетті екендігін ерте біліп, айналасындағы жасандылықтың бәрін жатырқап өскендіктен пайда болған мұң екенін мен кештеу сездім. Сақураның біздің жақта неге теңіз жоқ екендігін сұрағаны, жазушылардың неге өмір туралы қызығып оқитын керемет бір кітап жазбайтындығына таңырқағаны, аулада күндікке иіріліп отыратын көп-көрім жігіттердің неліктен маскүнемдікке салынып жүргендіктерін түсіне алмағаны — бәрі-бәрі де есімде.

Сол қыз, сол жәудіреген жанарымен состиып алдымызда тұр. Қасында төрт-бес бойжеткен бар. Алабұртқан жүздерінен шараптың буы білінеді. Аяқтарына сүйретпе іліп, иықтарына жеңіл халат жамылған. Әлі ештеңенің паркын айырып болмаған жап-жас қыздар барлығы. Бөлменің іші көкала түтін. Мұнда қыздармен кездесуге ыркыл-жыркыл күлкімен келген біз тосылып қалдық. Талай келген жер, талай көрген көрініс, талайғыдан ет үйренген ыркыл-жыркыл күлкі. Жәудіреген қалқа қыз сол ортада состиып тұр.

Әлдекім жалаңаш тәнді жарқырата көрсетіп жатқан теледидарды лып еткізіп сөндіре қойды. Әлдекім өп-өтірік “ой, мама” деп, жалаңаш иығын ақ сейсеппен қымтаған болды. Ол болса, лыпасын тез-тез жиып ала қойып, ошарылып тұрған жігіттердің арасымен бетін басып, сыртқа тұра қашты. Сол кеткеннен мол кетті, ізім-қайым жоқ.

— Жағдай осылай болып тұр, — дедім мен үнжырғам түсіп.

— Енді жеңілдеп қалған боларсыз, — деді көріпкел келіншек.

— Өлі-тірісін біліп бере алмайсыз ба? — дедім мен жәутендеп.

Көмейіме кептелген бір түйіртпек ып-ыстық болып еріп жүре берді. Сақураны аяп, аңсап, сағынып отырғанымды жаңа түйсіндім. Көріпкелге өз аузыммен айтып берген өңгімеммен бірге іште қатқан беріп те жіпсіп, жуылып, шайылып кеткен төрізді. Ойымда да ешқандай зіл жоқ. Бар ынтам Сақураның бір хабарын білуге ауып, шын, адал көңіліммен емексіп отырмын.

— Іздеген адамыңыз бұл жарық дүниеде жоқ енді, — деді көріпкел келіншек өнін катайтып. — Сізге керегі де осы болатын. Тілегіңізді сізді кинамай сол күні өзі-ақ жүзеге асырған екен.

Көріпкел келіншектің қолындағы таспиығының түйіні осы сәтте тырс етіп шешіліп кетті.

Терезелері көшеге қараған тоғыз қабатты биік сұр үйді екі айналып шықтым. Бес-алты адам шошайып-шошайып тұрған аялдама жаққа қайта-қайта көзім түсіп кете берді. Кешегі болған оқиғадан із де қалмаған, енді бұл көшеде әлгі мүтедек жігіттің елесі де жоқ. Көзімді ала беріп, күн сәулесімен шағылыса жалтыраған терезелерді тағы бір сыдырта шолып өттім. Қай терезе, қай пәтер екенін білмесем де, осы үйде тұратынын “терезеден көріп тұрдым” деген сөзінен білсем. Ал, енді, тауып алып жолыққанның өзінде, ол мен туралы не ойлайды? Неғылса да, жеңіл жүріс іздеп келді дейтіні анық... — “Арам ойыңыз бар, ө...”

Жүйрік қиялшы оқыс мүдірткен осы сөз есіме түсіп, өз-өзімнен мырс етіп күліп қойдым. Үйді айналып өтіп, шырмауықгүл көлеңкелеген подъездің алдына келгенде күдік-күмәнім тіпті күшейе түсті. “Тумаса да, туғандай еді” деймін бе, не деймін? Ол сөзді неге айтам, қорынғаным ба?

Шырмауықгүлдің асты қонырсалқын екен, аз аялдап, аптығымды бастым. Ұзын сабақтары дөңгеленте иілген темірге оратылып, қабат-қабат жапырақтары үмтыла, жарыса, қалың өсіпті. Төсқалтамнан беторамалымды шығарып, жіпсіген маңдайымды сүрттім. Үстімдегі сұрғылт түсті, жаздық жеңіл кәстөм-шалбарымның етек-жеңін қаққыштап, жағасын түзеп, богеліңкірей бердім. Құрығанда атын да білмеймін, “томпақ көз, сары қыз” деп сұраймын ба, қайтем?

— Мұнда неғып тұрсыз?

Оқыс шыққан дауыстан селк ете түстім. Құлаққа таныс болып қалған жіңішке өткір дауыс. Шығаберістегі қаракөлеңке қуыста селтте қалыпты. Қолына аузы жабық желім шелек ұстаған, үстінде қызғылт халаты бар — сол кешегі томпақ көз, сары қыз! Қапелімде есімді жия алмай қалып:

— Сен?.. Сен?.. Бұл сенбісің?.. — дей беріппін.

— Танығаныңызға да шүкір.

Жіңішке өткір дауыс құлағыма етене естиді. Өрекліген көңілім, озімсінген дауысқа емексіп, жаутаң қақтым. Оның сопақша келген сүйкімді жүзінде еш әбіржу жоқ. Таңданбай, тайсалмай, тура қарап, үшкіл иегін әнтек көтеріп, гәтті жымыып қойды.

х х х

Қыздар мен жігіттер әлі күнге дейін “махаббат бар”, “махаббат жоқ” деп таласумен келеді. Ортадағы лыпып жанған шырағдан мен қылмойын шишадағы ортайыңқырап қалған жеңіл шарап бізді де осындай әңгімеге шақырып тұрғандай еді. Бірақ басқа түскен тағдырдың ісі мұңайтып, екеуміз де көңілісіз отырмыз.

— Саған дейін қанша қыздан сұрадым, қайда

бармадым? — дедім мен қоңырайып. — Барған жердің бәрінде маңдайымды тасқа соғып қайттым. Біржола күдерімді үзгем. Бұл жолғы іздегенім кездейсоқ болды ғой. Күтпеген жерден... Әйтеуір, сен танытын болып шықтың... Бірақ... Әлі сенбей отырмын...

— Қазір қайда жүргенін білмеген соң, танығаным не керек? — деді ол жанарын төмен салып.

Ұйқысыздықтан домбыққан қабағымды көтеріп, көзімнің астымен оның бет әлпетін барлай шолып өттім. Қабағы оқыс дір еткендей болды, жүзінде басқа ешқандай белгі жоқ.

— Басқа ештеңе білмейсің бе?

— Білмеймін... Бізде ешкімді ешкім іздемейді.

— Аанада бір көріпкел айтып еді...

— Көріпкел дейсіз бе?.. Соған да сенесіз бе?..

— Сендерге қайдан тап болды ол?

— Бір жігітке тұрмысқа шығамын деп жүріп алданып қалыпты. Ол жігіт кейін басқа қызға үйленіп кеткен.

— Сен ше? Сен де сөйттің бе?

— Менің жөнім басқа... Ол ұзақ әңгіме...

Біз тағы да аз-кем үнсіз отырып қалдық. Ол тамағы кеберсігендей жұтынып, алдындағы қырлы стаканға құйылған шараптан бір ұрттап қойды. Мен оның неліктен мұндай жолға түскенін бұдан өрі тәптіштеп сұрағаным жоқ. Жезөкше қыздың ойдан құрастырып, қиялдан тудырып айтатын өтірік әңгімесінің маған не қажеті бар деп ойладым.

— Тұр, шешін, — дедім аяқ астынан қиястығым ұстап.

Ол менің бұл қылығыма түк те танырқаған жоқ. Қолындағы стаканды тық еткізіп орнына қоя салды. Кереуеттің қасына барғаны сол еді, қызғылт халаты иығынан сыпырылып жерге түсті. Аппак жұмыр денесі туған айдай толықси жарқырап көз алдыма тосылды.

— Менің атым кім, білемісің? — дедім мен оның жалаңаш тәніне сұқтана қарап отырып.

— Жоқ, — деді ол жайбаракат қана.

— Ал, сенің атың кім?

— Менің есімім — Бикен.

— Ә, иә... Менің атым — Есқат... Ұмытып қалма...

Мысқылдап мырс етіп күлдім. Ол менің ащы мысқылымды елемеген болды. Орнымнан созалаңдай тұрып, жайлап басып қасына барғанымда да селт еткен жоқ. Қолымды созып, оның жалаңаш иығын жапқан қолаң қара шашынан аялай сипадым.

— Бикен, мен сені аяп тұрмын.

— Солай ма? — деді ол бұл жерде мұны неге айтып тұр дегендей танырқап.



— Саған... Саған бар жақсылықты жасағым келеді, — деп уысыма іліккен шашын мытып ұстап, саусақтарыммен сытыр-сытыр укалай бердім.

Бикен кенет білегімнен шап беріп ұстай алды. Саусақтары темірдей қатты екен. Мен оны бауырыма тартып құшақтап, үн-түнсіз арқасынан сипалай бердім. Оның көз жанары мөлт етті де, кеудеме ып-ыстық тамшылар тамып-тамып кетті.

х х х

Қала адамдары түнді жақсы көреді. Күндіз шаруаның біткенінен сенделіп жүргенің көп. Ал түнде, ең бастысы, күндізгідей ию-кию шуыл жоқ. Адамдар айғайлап сөйлеспейді, дауыстар, күлкілер құмығып естіледі. От айналып ұшқан көбелектей түнгі жарықтарға да көңілің елтіп тұрады. Әсіресе, ауа тазарып, қоңырсалқын леп есіп тұратыны керемет.

Осындай мақпал түндерде бір уақ көшеге шығып, сейіл құрып қайтпасаң, өзінді-өзің жек көріп кетуің әбден мүмкін. Өйткені біздің тұрмысымыздың қиындығын, тірлігіміздің ластығын, өміріміздің өңкей бір көңілсіздігін айтып тауыса алмайсың. Қала адамдары үшін күндізгі өмір мен түнгі өмірдің осындай көп, көп айырмашылықтары бар.

Біз, Бикен екеуміз де, міне, ішіп отырған шарабымыздың таусылып қалғандығын, енді тағы бір шөлмегін сатып алуымыз керектігін сылтауратып көшеге шықтық. Шыққан бетте-ақ өмір өлгі айтқан ауыртпалықтарының бәрін түн қараңғылығына жасырып, көңілді бір қалпымен көз алдымызға тосыла қалды. Түнге қарай жеңіл-желпі еркіндеу киініп, көше бойлап қыдырыстап жүргендерге, жаздық алаңқайлардағы саңырауқұлақтай қаптаған дөңгелек шатырлардың астында сусын ішіп, демалып отырғандарға қарап:

— Жұрттың бәрі көшеге шығып кеткен бе? — дедім мен күнк етіп.

— Бұлардың бәрі өздеріне-өздері мейрам жасап жүргендер ғой.

Оның жұмбақтау жауабына таңырқап, бетіне үңіле карадым. Бикен сыңқ етіп күліп жіберді.

— Сенде түк уайым жоқ сияқты, — дедім мен.

— Уайымдайтын не бар? — деді ол.

— Жай, әншейін. Өмірді кім қалай түсінеді дегендей.

— Сіз не, мені де адам деп әңгіме айтып келесіз бе?

— Оның не, Бикен? Саған деген көңілім ақ.

— Сокпаңыз өтірікті.

— Шын айтам. Сені ақтап алғым келеді.

— Ақтап алатындай мен кісі өлтіріппін бе?

Ол мұны жөй сөз ретімен айта салды. Дауысында ешқандай зіл жоқ. Қысқа көйлек киген оның бұлтық-бұлтық мүсініне ары-бері

өткендердің бәрі қарайды. Одан қымсынатын Бикен емес, жігіттердің сұқтанып карағанына, аймалап құшқанына әбден еті үйреніп кеткен тәрізді.

— Темекі әперіңізші, — деді елеусіздеу етіп.

Көше бойына қаз-қатар орнатылған дүңгіршектерді жағалай келіп, оңашалау тұрған бір көуапхананың тұсынан шыққанбыз. Көз алдында шокқа қақталып, майы шыжылдай тамшылап, қызылқоңырланып піскен көуап тәбетінді ашады. Өзі қалалық болғанымен, ата-тегі таулық болып келетін жүндес кеуделілердің пісірген көуабы өсіресе дәмді. Біз тоқтаған көуапхананың иесі де таулық екен. Ет қақтаған тірлігіне еңгезердей пошымы жарасып тұр. Кесек-кесек ет шаншылған істіктерін тез-тез ауыстырады да, қолындағы темір таяқшасымен көңілдене желпіп-желпіп қояды. Ол желпіген сайын сексеуілдің шоғы да жайнап, қоздана түседі. Біз көуап пен сыра сатып алдық.

— Темекіге ақша беріңізші, — деді Бикен жаңағы өтінішін ұмыт қалдырғаныма өкпелегендей бүртиып. Мың теңгелік көк құлақты қолына ұстата бергенімде, бетімнен шөп еткізіп сүйіп алды.

— Сендерде бәрі ақылы ғой, — дедім мен мырс етіп.

Ол көзінің отын жалт еткізді. Ақсары өңіне қызғылт рең жүгірді. Жалт еткен ұшқыннан ашу білінді. Бірақ тез сөніп, жабырқап, көз жанарының тереңіне мұң шөге қалды. Алатын темекісін алып, қайтып келіп қасыма отырғаннан кейін де жүзінен мұң сейілген жоқ.

— Мен басымнан өткен жағдайымды айтсам, сіздің тамағыңыздан ас өтпей қалады, — деді ол олден уақытта күрсініп.

Бір түйір ет соның өзінен-ақ тамағымнан ары өтпей, кептеліп тұрды да қалды. Қылығынып өрең жұттым.

— Ертектің көп қой сендердің, — дедім өңімді суытып.

— Ертеке емес, — деді ол бір нүктеге кадалып.

— Ох, сенің сүйген жігітің қандай керім еді! Ол да сені өліп-өшіп сүйетін. Бір-бірінді көрмесендер, бір минөт те тұра алмайтынсыңдар. Сендерден асқан бакытты ешкім жоқ болатын. Араларыңнан кара мысық жүгіріп өтті де, бәрі бітті. Фильмнің соңы!

— Төйірі, сол да қайғы болып па екен? Мен оны қайғы деп есептемеймін. Сүйдің, табыстың, айрылыстың — ол естелік қана. Күнделіктің аударылған бір парағындай, әлсін-әлсін ақтарып оқып қоясын. Әйтпесе, біреудің орнын екінші біреу алмастыра алмайды деген мүлдем өтірік. Тек бар өкінетінің — біреуді жоғалтқаның емес, өткен өміріңді, уақытыңды жоғалтқаның.

— Сен білесің бе, Бикен? Өмірде тым шыншыл болуға болмайды. Сенің айтып отырған әңгімең қыз баланың әңгімесіне ұқсамайды. Сезімді

өлтіруге бола ма? Сендердің сезімталдықтарын қайда осы?

— Сезімтал, әсершіл болған соң ғой, осы жүріске тап болғаным. Қыздардың әлсіздігін сіздер көп пайдаланып кетесіздер. Менің соған ызам келеді. Жаңағы айтайын деген әңгімем — менің Сакурадан басқа ешкімге айтпаған құпиям.

— Сонша құпиялайтындай ол не әңгіме?

— Ол ма?.. Ол менің өмірім... Тағдырым... Қайғы-қасіретім...

— Қой, жылағалы отырмысың?

— Жоқ, жыламаймын...

Ол көзі балбұлдап барып, іле тез қатуланып алды. Дем сәтте мың құбылған Бикеннің жан түкпірінде шынында да бір үлкен құпия жатқанын аңдап, енді соны білуге ынтыға түстім. Бірақ мен ынтықты екен деп Бикен асыққан жоқ. Күрсінді, мұнайды, ойланып қасын керді, содан соң демін терең алып, тағы күрсінді.

х х х

Таяу маңда екі жағалауы бетонмен, таспен шегенделген үлкен өзен бар еді. Қуаныш-қызығын көзден жасырғандай, суының көбі қосалқы жабық арнамен ағады. Негізгі арнада өзен деген аты үшін ғана қалдырылған аз ғана су ай жарығымен жылтырап жатыр. Біз биік тас жағалаудан төмен түсіп, астында дүкірлеп су ағып жатқан жабық арнаның үстімен ақырын аяңдап келеміз.

— Бұл бір құлақ естіп, көз көрмеген оқиға болды, — деп бастады Бикен әңгімесін. — Бірге туған ағам жүректен қайтып, ақтық сапарға жөнелтіп жатқанбыз. Күн ыстық, осындай жаз айы болатын. Ел көп жиналған. Бәрі де ағамның жас кеткеніне қынжылып, бас шайқасады. Жас толы көзіме бірде олар анық көрінсе, енді бірде қараңқұраң еткен сұлбалары ғана шалынады. Басым зеңгіп, көз алдым бұлдырап, аяғымнан әрен басып тұрмын. Ал ағамның ештеңемен ісі жоқ. Шаршап келіп ұйықтап кеткен тәрізді.

Бәкене бойлы молда мәйітті есік алдына шығарғаннан кейінгі жөн-жоралғыларды жасап, тымпыңдап жүр. Біздің әкеміз жоқ. Үлкен ағамыз нағыз иісалмастың өзі. Өңк-өңк еткені болмаса, көзінен жас та шықпайды. Шын жылап, шын қайғырып тұрған сорлы шешеміз баяғы. Көзі білеудей болып ісіп кеткен, қайта-қайта жұмыла береді. Бәкене бойлы молданың дауысы да жіңішке екен:

— Ал, жамиғат, араларыңыздағы біреуге марқұмның берешек қарызы бар ма? — деп қалды бір кезде шіңкілдеп.

— Жоқ, жоқ, — деп жиналған жұрт жамыраса жөнелген.

Осы сәтте топ арасынан біреу ілгері ұмсынғандай болды. Сол жерде тұрғандар да

қозғалақтасып қалды. Созаландап алға шыққан ұзын бойлы шикіл сары жігітті көріп, жүрегім зу ете түсті. Бұл ауылдағылар оны танымайды. Біздің үйге бұрын екі-үш рет суыт келіп кеткен.

— Молдеке, егер марқұм біреуге қарыз болса, не істемек керек? — деді ол шімірікпестен.

Молда қысылып қалып:

— Қарағым, бұл уағыз айтып тұратын жер емес қой, — деді сипақтап.

Шикіл сары тағы бірдеңе айтуға оқтала беріп, сүзіліп маған қарады. Менде не ақыл, не қайрат бар дейсіз. Әркімге бір жалтақтап есім шықты. Енді сәл кешіксем бір сұмдықтың боларын да ішім сезіп тұр. Осылай асып-сасып тұрып, шикіл сарыға ым қаққанымды өзім де білгем жоқ.

Сонымен не керек, жұрттың құр долбар, күбір-сыбырымен ағамды ақтық сапарға жөнелттік. Ер-азамат түгел бейіт басына кетті де, біз улап-шулап үйде қалдық. Шикіл сары да солармен бірге кеткен сияқты еді, бір қарасам сорайып қасымда тұр.

— Қашан кетеміз? — деді сұрланып.

— Жетісін күтіңіз, — дедім мен тілім өзер икемге келіп.

Қайда, неге баратынымызды сұрағам да жоқ. Ағамның жетісін берген күні кешкісін біздің үйдің жанында өңкіген дәу “Джип” тұрды. Мен жұрттың бәрін айран-асыр қалдырып, сол мәшинемен ұзақ жолға аттанып кете бардым, — деп Бикен одан арғы жағын айтқысы келмегендей іркіліп қалды.

Әңгімемен екеуміз бірқыдыру жер жүріп тастаған екенбіз. Қаланың іші болғанмен, бұл маңға әлі құрылыс салынбаған. Екі жағалау да ретке келтірілмеген жабайы ну тоғай. Мен сәл секем алғандаймын, ал Бикеннің ойында түк жоқ.

— Не ойлап келесіз? — деді жаңағы айтқан әңгімесінің әсерімен сырласуға шақырғандай дауысы дірілденкіреп.

— Сені әлгі ұзын қарадан қызғанып келемін, — дедім мен қалжыңдап.

— Ол шикіл сарының түкке қатысы жоқ. Ол — пешкі қой, — деп Бикен жеңілтек мінез танытып алды.

— Сонда оның королі кім? — дедім мен кекетіп.

— Қара Қылыш туралы естуіңіз бар ма?

Мен шалкамнан түсе жаздадым. Атағы бүкіл қалаға тарап, аты аңызға айналған Қара Қылыш туралы талай естігем. Біз оны былайынша бауқеспедеп атағанымызбен, көз алдымызға қара халықтан шыққан батыр сияқты елестейді. Әлдебір дөкейлермен келісе алмай, ақыры қамауға алыныпты-мыс дегендей де әңгіменің шеті шыққан. Сол есіме түсіп:

— Ол мықтың қазір түрмеде жатқан жоқ па? — дедім сыр бермей.

— Иә, ол қазір түрмеде жатыр. Шикіл сары

мені соның қолына өкеп тапсырған. Тау жақта, үлкен екі қабатты үйде тұрады екен. Қара Қылыш деп лақап атын да бекер қоймапты. Жүзі сұсты, көзі өткір, тура қарауға адам қаймығады. Алғашында мені құшақтап, көңіл айтты. Содан соң: “Ағаңыздың қанша қарызы барын білесіз бе?” – деді. Мен: “Білемін”, – дедім. “Мен сол ақшаны жинап беруге тиіспін”, – деп дүңк етті ол. Басқа ештеңе айтқан жоқ. Содан бастап мен бар еркімнен айрылдым. Қия басуға мұршам болған жоқ. Қара Қылыштың мысы басып, әрі-беріден соң оны тіпті жақсы көре бастағандай едім. Бірақ ол мені қасында көп ұстамады. Үш-төрт күннен соң басқа біреулерге апарып берді. Олар аз күннен соң тағы біреулердің қолына өткізді. Ақыр аяғында қаңғырып көшеде қалдым.

Бикен мұны айтқанда еш назаланған жоқ. Басында киналғандай көрінгенмен, сөз аяғында жақын бір танысына өткен өмірінен жой ғана сыр шертіп келе жатқанға ұқсады. Басқа жол жоғына көзі жетіп, осы тағдырына біржола мойынсұнғандай бейқам. Тек менің кейбір оқыс қылықтарым мен тосын сұрақтарым жүрек түкпірінде ұйықтап жатқан сезімін түртпектеп оятқандай қызарандап, шамырқанып, кейде өкпелегендей бүртиып та қалады.

х х х

Көпір үстіндегі дүңгіршектен тағы бір шөлмек шарап алып іштік. Спирт қосып, қолдан жасалған шарап па, әйтеуір, ашылау көрінді. Буынымыз босап, біраз қызыңқырап та қалған сияқтымыз. Түн ортасынан ауып, көшелер тынышталып, қаланың қалың ұйқыға бас қойғанымен еш шаруамыз жоқ.

– Біз бәрібір жақсы адамдар емеспіз, – деймін мен теңселіңкіреп.

– Жо-жоқ, сіздің өміріңіз бөлек қой, – дейді ол шарап қызуымен алабұртып.

– Сен қызықсың, – деймін мен. – Екеуміздің не айырмамыз бар? Екеуміз күнәға бірге баттық емес пе?

– Жоқ, күнәға бірдей батқанмен, еркекті ешкім сөкпейді. Сіз жақсы азаматсыз. Бұл өмірден көретін қызығыңыз да көп әлі. Ал мен су түбіне кетіп барамын. Сіз түсінесіз бе, мен күннен-күнге көрер қызығым таусылып, су түбіне кетіп барамын.

– Сен не айтып кеттің, Бикен?..

– Рас қой, бәрі де рас. Біз қазір керек адамдар мен керексіз адамдар болып екіге бөлінеміз. Сенбесеңіз, мен қазір ана көпірден секіріп кетейінші, ешкім де жыламайды. Өйткені маған ешкімнің ісі түсіп тұрған жоқ. Егер мен жігіт болсам, бәрі де басқаша болар еді.

– Кім білсін, айтып тұрғаның рас та шығар. Мен сені олай емес деп алдаусыратпай-ақ қояйын.

“Өмірден өз орныңды іздемейсің бе?” десем де, арзан ақыл айтқандай болар едім. Бірақ бүйтіп өзінді өзін құрдымға тастап жіберуге де болмайды ғой.

– Басқа менің қолымнан не келеді? Табиғат бізді әлсіз етіп жаратқан. Біз әншейін... жемтікпіз!

Бикен ащы мысқылмен мырс етіп күлді. Мен ештеңе дей алғамын жоқ. Айтып келе жатқанының бәрі шын. Қазір адамдардың арасында бәсеке күшті. Кейде біз ауызға іліккенді жұлып алып қалу үшін жанталасатын жыртқыш аңдарға да ұқсап кетеміз. Тіпті, әйел мен еркек деген ұғым да жойылып бара жатқан сияқты. Оның орнын әлді мен әлсіз деген ұғым басқан. Сондықтан да адамдарды ешқашан бәсекелестіруге болмайды. Бәсекеге түсті бітті, олар адамдық қалпын жоғалтады.

Мен осының бәрін Бикенге айтып түсіндіргім келген. Сөйтіп енді оқтала бергенімде, ол ып-ыстық алақанымен аузымды баса қойды. Менің не айтатыным оған белгілі. Өйткені ол мұның бәрін өз басынан өткерген. Ол бәрін біледі, бәрін де түсінеді. Менен әлдеқайда терең түсінеді. Әйтпесе, көпірден секіріп кетсем қайтеді деп айтпас еді.

Мен оның қолын қағып жібердім.

– Сен жана шындықты айттың.

Ол тіксініп бетіме қарады.

– Сіз қызып қалдыңыз-ау деймін.

Мен масаңдау қалпыммен ежірейіп, сүк саусағымды шошайттым.

– Есіңде болсын, шындықты айта беруге болмайды. Тіпті, аузыңа да алма. Өмір бір басқа, шындық бір басқа. Шындықтан қорқу керек.

– Ал менің өтірік айтып, жалған өмір сүргім келмесе ше?

– Сен не, шындықтан қорықпаймын деп тұрмысың?

– Қорықсаңыз сіз қорқыңыз, мен қорықпаймын!

Қараңғыда ай сәулесімен шағылысқандай отты көздерінен бір ұшқын жалт ете қалды.

– Онда... Онда сен енді тоқтама. Ақыр ешкімге керек жоқ екен. Өтірік айтып, жалған өмір сүріп қайтесің?! – дедім қатуланып.

– Неге?! – Ол есін оқыс жинап алғандай болды. – Сіз!.. Сіз!.. Неге өйтіп айтасыз маған?! Сіз!.. Сіз!.. Мен бағана-ақ білгем... Сіздің Сақураны іздеп жүргеніңіз де өтірік!.. Сіз!..

– Тап солай!.. Тап солай, Бикен!.. Егер... егер мен тапсам... өз қолыммен... өзім-ақ өлтірем!.. Білдің бе?! Достарымның бетіне қараудан қалдым қазір... Жалғыз қалдым!.. Бала-шағамнан да бездім... Сүйекке таңба бұл!.. Өлтірем!.. Өз қолыммен!..

Сөзімді аяқтап үлгергемін жоқ. Бикен бетіме тесіле қарап тұрды да, бар күшімен кеудемнен итеріп кеп жіберді. Мен шалқалап барып,

боиымды өзгер түзеп алдым. Бикен менен көзін ала беріп, көпір жаққа жалт қарады.

— Сүйекке таңба деймісіз?.. Сіздер жетімсіздер ғой... — деді торсиган ернін көгерендей тістелеп.

— Жетім болсақ ше! Есінде болсын... Ендігі әулет менен тарайды...

— Сонда... Біз кім болдық?!

Ол кенет көпірге қарай тұра жүгірді. Мен қапелімде табаным жерге жабысып қалғандай, тұрған орнымнан қозғала алмай қалдым. Бикен болса, аяғы аяғына жүкпай, құстай ұшып барады. Сол беті тоқтамастан көпірдің биік темір жақтауынан секіріп кететін түрі бар.

— Би-ке-ен! — деп жанұшыра айғайлап ұмтылған мен әлденеге шалынып, омақаса құладым.

Қайтып орнымнан тұрып болғанша, Бикен көпірдің шетіне ілігіп те қалып еді. Осы сәтте көпірдің үстіндегі жаңа біз шарап сатып алған дүңгіршектің темір есігі қаңғырлай ашылып, штен серейген бір жігіт шыға келді. Өзінен жалтара қашқан Бикенді екі аттатпай қуып жетіп, білегінен шап берді де, белінен орай құшақтай алып, жерден тік көтеріп әкетті. Мен тапырақтай жүгіріп жеткенде,

иығына тыпырлатып лақша өңгеріп алған қыздың екі жұдырығымен арқасынан төпелеп ұрғанын маса шаққан құрлы көрмей:

— Олжа!.. Олжа менікі!.. — деп тістері ақсиып, ыржия күліп тұрды.

— Қазір олжа үшін өмір сүретін уақыт!.. Олжа сенікі, ал!.. — дедім мен әлі де өз-өзіме келе алмай қалш-қалш етіп.

— Жібер мені!.. Жіберіндер!.. Өңкей малғұн!.. — деп долдана айғайлады Бикен.

— Малғұн дейді! Кім малғұн?! Мен бе малғұн?! Біз екеуміз де малғұнбыз ба?! Ха-ха-ха-ха!...

Ана жігіт одан сайын екілене қарқ-қарқ күлді. “Неғып мелшиіп тұрсың?” дегендей, мені де шынтағымен түртіп жіберді. Жаңа ғана үрей мен ашудан қалшылдап тұрған мен де қыздың көпірден секіріп кетпей, аман қалғанына қуанғандай екі иығым селкілдеп, епетейсіз ықылықтап күле бастадым. Көмейімнен жылаған мен күлгеннің арасындағы сүйкімсіз бір дауыс лекілдеп шығып, қызды қайыра тартып алмақ болып, дәрменсіз жарбаң-жарбаң етемін. Ана жігіт те ұзын қолын кеудеме тіреп, айнала қашып жүр.

— Олжа... Олжа менікі!..

III

Бикенмен оншақты күннен соң Шоқан Уәлиханов ескерткішінің түбінде кездестім. Тау етегіндегі толайым тоғышар, бірақ толықсыған көкжасыл сұлу қаладағы оқшау ойлы адамдар бас қосатын жер. Шағын алаңқайда тұла бойымен тұтас орнатылған, оқалы шекпенінің өңірі ашық, басы сәл салбыраңқы тұнжыр ескерткіш. Биліктен бір күнде кетіп, өздерін “демократтармыз” деп жариялаған топ бұл жерді бекер тандап жүрген жоқ. Әуелі оқшау ойлы адамдардың көңілін алмаққа бекінген сыңайлары бар. Бұл бір күтпеген оқиға болып, тіпті Шоқанның ескерткіші де бір қырындап, билікті бөтенсі қалғандай көрінген. Өткен жолғы митингден кейінгі дабыра әлі басыла қоймап еді. Асығыс қайта жиналғандарына қарағанда, жұрттың көңіл ауанын дөп басқандарын сезген секілді. Бірақ мен бұларға аса сене қойғам жоқ, өткен жолы дүрмекке ілесіп келсем, бұл жолы, шынымды айтсам, Бикенді көрем бе деп келдім. Аңадағы түнгі оқиғадан кейін арнайы іздеп бармай, осылай кездейсоқ жолыққанымыз жөн шығар деп ойлағам. Томпақ көз сары қыз беті сопайып, маған жатырқай қарады. Оң қабағымдағы жаракатқа көзі түскенде барып, жүзі ептеп жылығандай болды.

— Ауыра ма?

— Жалғыз жүрмісің?

— Көріп тұрсыз ғой.

— Қыздарың қайда?

— Жұмысыңыз не?

— Жай, сұрағаным ғой.

— Жоқ, сіз жай сұраған жоқсыз ғой деймін.

— Неге?

— Сен сияқтылар келетін жер емес бұл деп тұрсыз ба?

— Жоқ, өйткені жоқ.

— Қателесесіз!

Ол жалт бұрылып, топтың арасына кіріп кетті. Жарылған қабағымды бір сипап қойып, аңтарылып тұрып қалдым. Әлгі түнгі оқиғадан қалған естелік. Кімнің көп таяқ жегенін білмеймін, әйтеуір бір-бірімізді әбден сабадық. Бір-бірімізді кеудемізден қолмен тіреп, әбден әл-дәрменіміз құрып барып, өрең тоқтадық. Бикен әлдеқашан із суытқан болатын. Тәжікелесіп тұрғанымызды көрсе де, төбелескенімізді көрген жоқ еді. Қабағымның жарылғанын көріп тұрып жібімегеніне қайран қалдым. “Дәті берік қыз шығар, сопайған түрінде де тұрған жоқ па?” деп ойладым. Бірақ, неғып екенін білмеймін, әлгі жерден Бикенмен тағы бір сөйлеспей кеткім келген жоқ. Қасыма аралас-құралас болмасак та, аман-сәлемі түзу Ермек деген жігіт келді.

— Кітабыңды оқыдым, жақсы екен, — деді жылы жымыып.

Шашын артқа қайырған, атжақты, ақсары жігіт қайда дүрмек болса, сонда жүреді. Шаруасы жоқ болса да, өркім-әркіммен қамқорсып сөйлесіп, тіл табыса кететінін бұрыннан білем. Өлім-жітімді жерлерден де осы жігітті кездестіріп, басқа жұмысы жоқ па деп таңғалатынымын. Сол

қарекетінің сауабы тие ме, қашан көрсем де тәуір киініп, құтайып жүреді өзі.

— Рахмет. Сен де осында екенсің ғой, — дедім немкеттілеу.

— Ә, иә. Жұртпен амандасайын деп. Демократтарыңда шаруам жоқ, әйтпесе... — деді ол алаңсыз көңілмен аксия күліп.

— Е, неге? Келген соң тыңдау керек, не айтады екен, — деп жақаураттым мен.

— Е, тыңдамағанда. Тыңдап кетем ғой, — деді ол ыңғайыма оп-оңай жығыла кетіп. Іле көзін сығырайтып қутың ете қалды. — Жаңағы қыз тәуір бала екен. Неғып жіберіп қойдың?

— Қазір қайтып келеді ғой.

— Өзі келе ме, немене?

— Иә, өзі келеді.

Мойнымды созып, өлдекімдерге жарыла жол беріп, қозғалақтасып қалған топтың ішіне қарадым. Биліктен жүздері таныс бес-алты жігіт топ арасынан суырылып, ортаға шықты.

Ермегім білегімнен бір қысып, жөніне кетті. Демократтарға амандасқысы келді ме, әйтеуір топтың алдына шығып, жақындау барып тұрды. Өздерін өздері қайрап, іштей ширыққан демократтардың қабақтары қыртыс-қыртыс. Билікті тастап шыққандағы қиналыс, ұйқысыз өткен түндер әрқайсысының жүзіне әрқандай із тастаған. Басы домалақтау, үлкен көзіңдірігі бетінің жартысын алған, аласа бойлы шақар жігіт шаршы алаңдағы боксшыдай атырылып тұр — Әбдіразақов. Жұқалау ерні көгеріңкі, өңі сөл шұбартқан, сүйір тұмсықтысы да шегінейін деп тұрған жоқ — Әбенев. Ол екеуіне қарағанда көз шарасының аумағы үлкен, жауырыны шығыңқылау келген, теректей ұзын бойлысы аса елпектемей, ішкі сабырын сақтаған түр байкатады. Салалы ұзын саусақтарымен сорайған тұмсығын әлсін-әлсін сипалай беретіні бұрыннан бар әдет — Жантоқов. Адамға бір қырындап қарайтын, орта бойлы, аққұба жігіттің батылсыздау көрінгені жасқаншақтығынан емес, өз істеген әрекеттеріне басқалардан гөрі тереңірек мән беріп қарайтындығынан сияқты. Бетінің ұшы қызғылт ренденіп, нұрлы көздері үшқындап тұр — Байтанов. Аяғын нық-нық басып, тақ-тұқ сөйлейтін ұршықтай шымыр кара қыз қасындағыларды қайрай түскендей, әрқайсысына бір қадалып-қадалып қарайды — “жігіттер, жігіт-те-ер-р!”. Жілікті қарасұр жігіттің түсіңкі қабағынан көзге көрінер-көрінбес болмашы діріл бөрібір байқалып қалды — Ібітан Меңдекешов.

— Біз биліктен неге кеттік? — деді ол дегбірсізденіп. — Қандай ауыр жолды таңдағанымызды өзіміз де жақсы сезінеміз. Жоғарғы билікте біріне-бірі қарсы екі топ пайда болғанын білесіздер. Өкінішке орай, біздің талаптарымыз ескерілген жоқ. Біз жеке тұлға

ретіндегі еріктілігімізге шектеу қойылмауын, қысым жасалмауын сұрағанбыз.

Осы сәтте көпшіліктің ішінен: “Батылырақ айт!.. Ашығырақ айт!..” — деген қарлығыңқы дауыс естілді. Жұрт гу ете қалып, ортаға қарай ұмтылған әлдекімге ығысып жол берді. Балпаң-балпаң басқан, мосқалдау, дембелше, сары кісі домалаңдай бой көрсетті — Әбділдин. Бірден тыныштала қоймай, араның ұясындай гуілдеп кеткен жұрт оны онша жақтырған жоқ.

— Әй, мынау бас коммунист қой біздің. Демократтардың арасында бұған не бар екен? — деп қойып қалды әлдекім. — Шатасты деген осы-е-е!

Бас коммунистің мұндай келеке сөздерге құлағы үйреніп кеткен, ананың тұрпайы қалжыңына пысқырған да жоқ. Демократтар бір-бірін шынтақтарымен қағып, ықылассыздау қозғалақтасып, араларынан орын берді.

— Бұл не? Комедия ма, трагедия ма? — деді алдыңғы қатардағы біреу қызбалана айқайлап.

— Комедия да, трагедия да емес, — деді абыржыңқырап қалған демократтардың ішінен жанары үшқындай тызалақтаған аққұба жігіт — Байтанов. Мұны қалыпты жағдай деп қабылдауларыңызды сұраймыз. Біз келесі жиынымызды көшеде емес, кәдімгідей жабық ғимаратта өткізбекшіміз. Әртүрлі көзқарастағы адамдар қатарымызға қосыламыз десе, еш қарсылық жоқ. Баррикаданың бір жағында қасарысып жатып алмай, биліктегілерді саяси сұхбатқа шақырған жөн.

Жаңағы бірінші сөйлеген қарасұр жігіт — Ібітан Меңдекешов кіділеніп, басын кегжитіп, сырт айбарын дүрдиткен. Бірақ анау қолдау күткендей бетіне бұрылып қарағанда, басы өнтек изеліп кетті. Көзқарастары алшақтау көрінгенмен, тап осы жерде олар бір-бірін қолдауға мәжбүр болып тұр. Ұрты салбыраған, ірі денелі, ақ самайлы кара шал — Сапа Әшіров зерлі таяғымен нұқи нұсқап:

— Жас түркілер сендер емей кімдер?! — деді аузын толтыра самбырлап. — Қазағымның ендігі болашағы “бөлінгенді бөрі жейдінің” кебін кимесін. Кілең “сен тұр, мен атайын” дейтіндей азаматтар іріктеліп шыққан екенсіңдер. Алдымен бастарыңды сақтаңдар. Мәмілеге келетін жерде мәмілеге келген де дұрыс кейде...

Оның жақаурата, қызылдап сөйлегені, байқаймын, жұртқа ұнай қоймады. Үнсіз тымырайып, шыдамсыздана қозғалақтасып, көз алартып қалғандары да бар. “Жас түркілер” деген сөз құлаққа құйыла кеткенімен, Сапа ақсақал өз сөзін өзі нықтай алған жоқ. Шынында да, билікпен мәмілеге келе алмай кеткендердің алғашқы қадамды қалай мәмілеге келу керектігінен бастағаны түсініксіз еді. Кім білген...

Жапырласқан жұрттың арасынан таныс бейне жалт еткендей болды. Жұрт қозғалақтаған бағытты қуалай қарап, Бикенді шетке бөлектеніп шыға бергенде көрдім. Жүгіре басып қуып жеттім де, жұп-жұмыр жұмсақ білегінен шап беріп ұстай алдым. Мен екенімді білді ме, еш сасқан жоқ.

- Бикен, қайда асықтың?
- Шаруам бар.
- Бір жерге барсақ кайтеді?
- Жоқ, мен ешқайда бармаймын.
- Тоқташы енді. Бірінші рет емес қой.

Қазандай басып бара жатқан ол қалт тоқтап, өткір жүзімен бетіме оқыс жалт қарады. Бармақтай қыз тікірейіп, көзіне жиналған өткір сесімен жасқап тастады. Мойнымды ішіме тартып, не дерімді білмей бүгежектей бердім.

- Неғып кетіп барасың?
- Сасқанда аузыма түскен сөз осы болды.
- Мен саясат іздеп келгем жоқ.

Бикен үшкіл иегін тәкаппарлана көтеріп, айдалаға қарады. “Мені іздеп келген болды ғой” деп, жүрегім лүп ете қалды.

- Әнеукүннен бері барсам ба деп...
- Мен ол үйден көшіп кеткем.

Өрекли түскен көңілім су сепкендей басылды. Бикеннің жанары шыныдай сұп-суық. Қасында менің тұрғанымды елемегендей, әлі де айдалаға лаға қарап тұр. Манағы емеуріннің маған арналмағаны содан-ақ белгілі болған еді.

– Осылардан не шығар екен? – дедім әңгіменің бетін тез басқа жаққа аударып.

– Біздің өмірімізді бағдарламаларына енгізбей ме? – деп ол сыңқ етіп күлді.

– Бикен, шынынды айтшы, мені іздеп келген жоқпысың?

Оңтайлы сәтті жібергім келмей, шаужайлай жөнелдім. Ол әлдебір серті есіне түскендей, бойын тез жиып алды. Енді болмаса көніп қалатындай, жүзін де тайдырып әкетті.

– Ібітан Мендекешовті іздеп келдім, – деді сынықсып. – Ібітан ағайға сырттай ғашық болғам.

Мен танқалғаным сонша, шалқамнан түсе жаздадым. Көмейіме келіп қалған сөзді қылғына кері жұттым. Алыр-ай, неге есіме келмеген, Қара Қылыш соғталарда осы Ібітан Мендекешовтің аты бір дүр ете қалып еді ғой. Үлкен қызметте жүргеніне қарамай, баукеспе Қара Қылышқа ара түскен. “Баукеспеге ара түсті” деген атаққа қалып, біраз өбігершілікке ұшырағанын жұрттың бәрі біледі. Бірақ соған бола одан сырт айналып кеткен ешкім жоқ, қайта бір тәуекелі бар азамат көрінген. Бикеннен тайсақтасам да, ескерткіштің түбіндегілерге еріксіз мойын бүрдым. Жанағы топ бастап сөйлеген жілікті қарасұр жігіт өзінен кейінгі айтылған басалқы әңгімелерден соң томсарып, шет қалған екен.

Бикен жан толғанысын жасыра алмай, тұтығынқырап барып, өзінен-өзі шешіле сөйлеп кетті.

– Білесіз бе, мен сізге анада Қара Қылыш туралы айтып едім ғой. Тауда Қара Қылыштың қонақ қабылдайтын үлкен коттеджі бар деп едім ғой. Бір күні осы кісі келеді деп, бәрі аяғынан тік тұрды. Бұл кісі келді де, әлденеге ашуланып, қарасұрланып алып, айғайлап-айғайлап кетті. Қара Қылыштың қасында тұрған маған пысқырып та қараған жоқ. Бірақ Қара Қылышқа “Адамсындар ма, айуансындар ма?!” деп айғайлағаны мықтап есімде қалып қойыпты. Кейін біреулер қорлап, намысыма тигенде, осы кісіні ойлайтын болдым. “Келіңізші аға, көмектесіңізші, құтқарыңызшы мені!” деп солқылдап талай жылағам, – деді жеңіл күрсініп.

– Бұрын шіренген шенеунік болған. Қазір барсаң, тыңдайды, – дедім мен кекетіп.

– Еркектердің бәрі бір сорттан ғой, – деп ол жақтырмай қалды. – Тілдеспей-ақ кеткенім жақсы болған шығар. Сіз туралы да басқаша ойлап қалыппын.

– Әлі жек көріп тұрсың ба?

– Жек көргеніңіз не?.. – Сары қыз сопақша жүзі торкөз сары қауындай сопая сұрланып, қанын ішіне тартып алды. – Жек көргеніңіз не, мен сізді көргім келмейді!

Алға бұлтия шығып тұрған омырауы оқыс дір еткендей болды. Ішкі бұлқынысы тырсия, суына сыртқа тепті. Кеудесі көтеріліп-басылып, ауа жетпегендей алқына тыныстады. Томпақ көздері домбыға ісініп, мұрнының үстімен қоса дөңестеніп, сопақша жүзіне әдеміленіп үйлесе қалды. Аса бауыр басып кеткен қыз болмаса да, біртүрлі аяп кеттім. Арқасынан құшақтап, маңдайынан сүйіп, ашуын басқым келді.

– Бикен, енді мен сені жылатпаймын, – дедім батылсыздау үнмен.

– Жоқ, керегі жоқ, – деді Бикен тағы да манағыдай әлдеқайда, алысқа мағынасыз лаға қарап. – Қош болыңыз!..

Байқаймын, мына қыз мені жәндік құрлы да көрмеген сияқты. Қоштасқанда бетіме туралап қараған да жоқ. Не тоқта деп айтудың, не ашуланудың ретін таппай, мысым құрыды. Ол болса, мен қарап тұр-ау деп қылп етпей, кілт бұрылып жүре берді. Бойын тіп-тік ұстап, аяғын тық-тық басып, тез ұзап кетті. Ашудан жарылуға шақ қалдым. Қолымда тұрса, түте-түтесін шығаратындай шамырқандым. Бірақ менің қолымда тұрған ештеңе жоқ еді.

Үстелдің астынан екі тізесі сорайып шығып отырған, қара шалбарының балағы түріліңкіреп, күректтей жалпақ аяқтарын бір-бірінен алшак

тастаған қарасұр жігіт ағасы өуелгіде өзін еркін сезінетін сияқты көрінген. Әркім-әркімге анықтап қараған үлкен ала көздерінде ғана алаң көңілдің алаң-ғұлаң белгісі бар, алтын ұшты автоқаламын салалы саусақтарымен тынымсыз шыр айналдырып, анда-санда үстелді тық еткізіп қояды. Жайсыз сұрақ жиілеген сайын дегбірсізденіп, кейбіреулерге тікелей қарап, кіділеніп отыр. Ескерткіштің түбіндегі митингіге қатысқандардың ішінен теріп шақырылған өнер адамдарының ішінде мен де бармын, жас демократтар әр жерде бөлек-бөлек кездесулер өткізіп жатқан. Бір қызығы, митингіге жұртпен амандасу үшін ғана бардым деген Ермек бір-ақ күнде Ібітан Меңдекешовтің сенімді адамдарының бірі болып шыға келіпті. Әлдебір мәселе жөнінде ақылдасқансып, әлдебір мәселені шешкенсіп, әркіммен бір сыбырласып, күбірлесіп, екі ортада тоқтамай тыпырлап жүр.

— Бәрі дұрыс па? Өкініш жоқ қой, ә? — деп менің қасыма да екі-үш рет келіп, арқамнан қағып кетті.

Бірақ Ібітан Меңдекешовтің қасына аса жақындай алып жүрген жоқ, тек оның қалта телефонын ұстап, түрі қошқылдана нығызданып тұрған жалпақбет, дембелше жігітпен әмпей-жәмпей. Анау да бұған ыңғай бере құлақ түріп, онда-мұнда жұмсап қойып, қайыра шақырып алып, қолбала қылып тұр. Кенет менің басыма: “Осы шіркінің жансыз емес пе?” деген күдік сап ете қалып, бойым мұздап кетті.

— Ермек, тоқта, — деп қасымнан өте бергенде жеңінен ұстай алдым. — Не, сен осыларға жұмысқа кіргенсің бе?

— Нан тауып жүрген тірлік қой біздікі, — деп ол құлағыма сыбыр ете қалды.

— Жансыз емессің бе, өйтеуір? — деп қыжыртқан сөздің аузымнан қалай шығып кеткенін өзім де байқағам жоқ.

— Кет ары, — деп көзі жасаурай күлмең қақты ол. — Одан да анаған бір сұрақ қойсаңшы, босқа келмей.

— Не сұрайын? — дедім мен жанағы орынсыз әуестігіме ыңғайсызданып қалып.

— “Билікке таласып жүрген жоқсыз ба?” деп сұрасаңшы.

Бетіне жалт қарап ем, әлдебір секем ой көзінен ұшқындана аунап түсті. Оның Меңдекешовтің тобына кездейсоқ қосыла салмағанын ішім бірден сезді. Тымырсық ортада тынысым тарылып, бойымды суық тер басып кетті. Ібітан Меңдекешовтің өзіне жайсыздау сұрақ қойғандарға неліктен тікелей жауап беріп отырғанын енді білдім. Залдың жартысын оған алдын-ала қарсы дайындап қойғандай көрінді. Сұқсыр үйректей басы қылтаңдай домаланған сары

кісі қолын едірейте шошайтқан, — “жоқ, бұл жансыз емес” деген ой еріксізден-еріксіз басымнан жүгіріп өтті. Батыра басқан бармақтың ізіндей шұқырайған көздері мен қылжиек кішкентай көзілдірігі жалпақ бет, бұйра бас театр режиссерін өткен бір заманнан әкеліп, осы арзанқол ортаға топ еткізгендей елестететін еді — Батыр Атамқұлов.

— Ібітан мырза, мен сізді сыртыңыздан бір кісідей білем және жақсы көрем, — деді ол жатық, әрі жылдам сөйлеп. — Сөйте тұра, мына сұрақты қоймасқа амалым жоқ. Сіз біраз жыл биік лауазымды қызмет атқардыңыз. Сол кезде керек болмаған халық енді неге керек болып қалды?

Онсыз да қарасұр адам қап-қара болып түгігіп кетті. Алтынұшты автоқаламды тынымсыз шыр айналдырған сояудай саусақтар да қалт кідірді. Үлкен ала көз театр режиссеріне төңкеріле төнді. Отырған жұрт та іштерін тарта құлақ түрді. Толық денесімен орындықты толтыра шөккен театр режиссері түк те сасқан жоқ. Сұрағының ізін қуа төрге бір қырын қисая мойын созды.

— Мұндай сұраққа ішімдегіні жеткізіп айтуға менің тәжірибем жоқ, — деді Ібітан Меңдекешов дауысын нықтай, ашуын зорға басып. — Мен қолма-қол жұмыстың адамымын. Билікте жүрсем, халықтың жұмысын істедім. Бизнеске жүрсем, халыққа жұмыс тауып бердім. Сіздің де халық оқысын деп кітап жазатыныңыз сияқты.

— Мен кітап жазбаймын, мен спектакль қоямын, — деп қабағын шытты театр режиссері. — Бірақ мәселе онда емес. Біз бір-бірімізге бөтенбіз. Мұндағы өнер адамдарының бәрі тоғышар. Сіздің сүйкіміңіз бар екені рас. Соған қарап жастар еруі мүмкін. Бірақ үлкендер ермейді. Бата береді, бірақ ермейді.

— Сіз ше? — деп Ібітан Меңдекешов дүрдік еріндері көгістене дірілдеп, оқыс қарсы сұрақ қойды. — Сіз де қолдамайсыз ба мені? Аймақ басшыларын тағайындамау керек, сайлау керек деген пікірім қате ме?

— Бұл мақсатыңыз дұрыс. Бірақ сіз ол мақсатты өз мүддеңізге пайдаланып отырсыз. Қайткенде де, халық солай ойлайды, — деді театр режиссері орындығын сықырлата бір жамбасынан екінші жамбасына аунай, қызбалана сөйлеп.

— Әй, сен қолдайсың ба, қолдамайсың ба, соны айтсаңшы, — деді арт жақтан біреу.

Театр режиссері орнынан қопарыла көтерілді. Быршып терлеген самайын аппақ орамалымен қолын батыра сүртіп, жанағы дауыс шыққан жаққа енсеріле бұрылды. Өңі алабұрта қызарып:

— Жүр, екеуміз Меңдекешов мырзаның қасына барып отырайық, — деді әлдекімге күшырлана дауыстап.

Әркім-әркім қозғалақтасып қалғанымен, ешкім суырылып шыға қойған жоқ. Солай болатынын білгендей театр режиссері мысқылдай мырс етіп

күлді. Өзі тоқтамай, қатарында отырғандармен тізе қағыстыра шетке жылжыды.

— Ал, мен барып отырамын, — деп жылдамдата сөйлеп бара жатты ол. — Содан не өзгереді екен? Мәселе менің қолдаған-қолдамағанымда емес қой. Мұндай ұсыныстарды айтуға қоғам дайын ба, дайын емес пе, мәселе сонда.

Театр режиссері оқыс өзгерісті қалай қабылдарын білмей, абдырап отырған Ібітан Меңдекешовпен қол алыса беріп, қасына қонжия кетті. Залдағылар сатырлата қол соғып жіберді, түк болмағандай тымырайып отырып қалғандар да бар. Арт жақтан әлгі көктүйнек тағы айғай салды.

— Атамкүловтың ең үздік спектаклі осы болды, ағайын. Қол соғыңдар!.. Ең үздік спектакль!.. Қол соғыңдар!..

Сол тараптан біреулер алақандарын шапаттап, қарқылдай күлді. Әлдекім еденді аяғымен тарпылдата теуіп, ысқырып-ысқырып жіберді. Әлдебір жалтаң көз топ ішінен жылт етіп, жоқ болды. Ол жалтаң көздің Ермек екенін менен басқа ешкім білген жоқ.

х х х

Тылтиған лыпасы төсі мен мықынын ғана жапқан сереңдей ұзын бойлы бойжеткен ақ сазандай жарқ етіп, бар денесімен айрап-жайрап, мәшине жарығына тосыла қалған. Түн қараңғылығын сұққылаған жарық білектей бұрымын алдына тастап, ұзын етек көйлегімен тәнін тобығына дейін жасыра құпиялап, өп-өтірік қылымси қалған қара қызға қарай аунап түсті. Жанары мөлтендеген қара қызға да көп бөгелмей, қараңғылық құшағын тімтіне аралап барып, жол шетіндегі көкмайсада иіріліп отырған бір топ қыздың үстіне сау етіп құйылды. Жартылай жалаңаш тәндері ағараң-ағараң еткен қыздар бір-біріне ұйлығыса тығылысып, торға түскен балықтардай шүпірлесе қалды.

Сол жақ бүйірі мен төбесінің майысқан жерлері түзепіліп, қайта сырланған ақ “Жигули” жаңа мәшинедей жұтынып шыға келген. Мәшине астыма тиген бетте өткендегі митингіден кейін көз жаздырып кеткен Бикенді іздеп шыққан бетім болатын бұл. Айналамның бәрінен безіп, жалғызсырап жүргенде жан сырымды түсінетін біреуді тауып, тас қараңғы түнекте медеу тұтар бір үміт жібінің ұшынан ұстағандай едім. Енді оны да жоғалтып алып, арадағы аз күнді көңлім байыз таппай, алағызумен өткізгем. Бағанадан бері көріп келе жатқан қыздардың ішінен Бикенді кездестірмегеніме әрі аландап, әрі қуанып та келе жатқан сияқтымын. “Бұл көшеде емес, басқа бір жерде, басқа бір бұрышта кездессе екен” деп тілеймін іштей.

Әркім-әркім Бикенге ұқсап кеткендей көрінеді

де, жүрегім ине сұғып алғандай шым-шым ете қалады. Сүйді дейтін сүйген де емес, жүрді дейтін жүрген де емес, бұл неғылған ынтызарлық екенін өзім де түсінбеймін. Бикенді бұл жүрген ортасынан ажыратып алсам, ол ел қатарлы жұмыс істеп, адам болып кетсе деген күлкілі бір қиял басымда шырқ айналады. Неғылса да, әйтеуір, Бикенге бір жақсылық жасағым келеді, ол жақсылығыма Бикен зәру ме, зәру емес пе, бір Құдайым білсін. “Еш жан ауыртпай, кез келген жерге итеріп тастап кете беретін сұрауы жоқ қыз ғой” деген жеңілтек ойдың да келгені рас. Бірақ ол ой одан әрі иектей алмай, сол арада-ақ бұралқы иттей қыңсылап қала берген.

Мәшине жарығы көше қиылысындағы темекі тістеген салт аттының суретіне тіреліп тоқтады. Бұл жерде де бір тілерсектері бүгіле, жаланап тізелерін көрсетіп, темекілерін бұрқыратып үш қыз тұр. Бір қарағанда көп-көрім, талдырмаш келген әдемі қыздар. Тура түскен мәшине жарығымен жанарлары жақұттай жалт-жұлт ете қалды. Біреуі ғана бетін сол көлегейлегендей болды, қалған екеуі міз баққан жоқ. Бірақ қаланың тікбақай қыздарына ұқсамайды, үстілеріне қолға іліккендерін іле салғаны көрініп тұр.

Әлдекім тықылдатып тереземді қағып, бейқам отырған мені селк еткізді. Сырттан төне қарап тұрған бойжеткеннің дөңгелек жүзі ағараң етіп, саусақтарындағы алтын-күміс жүзіктер жылт-жылт ойнады. Сөйткенше болған жоқ, есікті лып еткізіп ашып, екі алмасы салбырай еңкейіп, кеудесін алға тастай ішке сұғынды.

— Мен ұнамаймын ба сізге? — деп буалдыр түтінді сакиналандыра үрлеп кеп жіберді.

— Жоқ, мен өзімше жүрмін, — дедім мен түтінді өзіне қарай кері үрлеп.

— Ә-ә, солай ма? — деді ол еркелей қылымсып. — Қызық екен сіздікі. Дегенмен арам ойыңыз да жоқ емес шығар.

— Жайымша отырған менікі неге арам ой болады, қасыма келген сенікі неге арам ой емес? — дедім мен кекете мырс етіп күліп.

— Ақшам жоқ десеңізші одан да, — деп анау табан астында түсін суытып ала қойды.

— Менің ақшамның бар-жоғынан саған келіп-кетер ештеңе жоқ, — дедім мен де шытынай қалып.

— Ой, сараң неме! Енді неге келдің, мұнда? Ауру шығарсың мүмкін, тегін кино көруге келген? — деп ол екі алмасы салбыраған кеудесін мәшinedен суырып алды. Артынан өндірішегімді соза:

— Қарындас, сен мені түсінбей қалдың. Мен сендерге келгем жоқ. Бір танысымды іздеп жүрмін, — дегенімше болған жоқ, ол бар дауысымен шар етіп айғай салды.

— Қыздар, мынау бізді суретке түсіріп жүр!.. Жол шетінде топталып отырған қыздар жау

тигендей шу ете қалды. Орындарынан өре тұрып, бізге қарай жапыр-жұпыр қозғалды. Қараң-қураң сұлбалар тез көбейіп, жан-жақтан тапыр-тұпыр аяқ дыбысы естілді. Есікті жібермей ұстап тұрған жаңағы қыз:

— Қалай екен, ө?! Бұтыңа жіберіп қойған жоқпысың? — деді сайқалдана күліп.

Мен өлі де мына жағдайдың шын-өтірігін ажырата алмай, анырып отыра бергем. Кеспелтек ағаш алдыңғы ойнекке дүрс етіп тигенде барып ес жидым. Маңдайша терезе шытыр етіп, айқыш-үйқыш шытынап кетті.

— Мәшиненің астына түсейін демесең, кет әрі! — деп зекідім ана қызға.

Ол есікті құлаштай серпіп, сарт жапты. Шытынаған терезеден ентелей төнген қыздар

жұмырықтарын түйіп, мәшинені дүрсілдетіп ұрғылай бастады. Тізесі жалтыраған шынашақтай төлтиген біреуі капоттың үстіне секіріп шығып, өкшесімен аяусыз түйгіштей жөнелді. Шаштары дудырап, білектерін сыбанып, көкайылданып алған. Біреулері мәшинені аударып тастағысы келіп, ары-бері шайқақтата итеріп жатыр. Осы сәтте өлдеқайдан от лап ете қалып, ашына айғайлаған бір қыз лаулап жанған күртешені мәшиненің үстіне лақтырып жіберді. Мәшинені төмпештеп, тепкілеп жатқан қыздар шу етіп, кері серпілді. Аяқ-қолым бірдей қимылдап, газды түбіне дейін ышқынта бастым. Мәшине тұрған жерінен дөңгелектері ши-ик етіп барып, ытқып кетті. Жақтау айнадан артыма бір қарап үлгердім. Лаулаған от асфальттың үстіне сырғып түсіп қалды.

Эпилог орнына

Күтпеген хабар қалаға аяқ астынан бүрк етіп тарады. Тіпті, қала, даланы түгел кезіп кетті. Түкпір-түкпірге түрленіп, мың құбыла жетті. Дабысы демократтардың үкіметтен кеткен кезінен де күшті шықты. Онда да саясаты жайына қалып, өсек, қауесет күйінде қауға тиген өрттей лап еткен.

Осының бәріне теледидардан берілген негізгі жаңалықтарда сол жақ бетінде қарыстай тыртығы бар, тарамыстай қатқан тас қара жігіттің бірер секундқа ғана қылт етіп көрінгені себеп болып еді. Бірақ қызу әңгімеге арқау болғаны жұрт сыртынан аңыз етіп айтып жүрген атышулы Қара Қылыштың аяқ астынан түрмеден босап шыққаны емес. Жаңалықтарда олай деп айтылмаса да, “Қара Қылыш Ібітан Меңдекешовтің үстінен мәлімет беріпті, қамаудан сол үшін босатылыпты” деген әңгіме “бомба жарылыпты” дегеннен де зор естілді. Жұрт осы әңгімені күндікке айтып жүрді де, ертесіне енді не болар екен деп, іш тартып тына қалды.

Шынында да, осынша ушығарына ешкім сенбеген бұл оқиға ес жидырмастан тез пісіп-жетіліп келе жатқан. Біртүрлі бойынды тітірететіндей, әлденеден секемдендіретіндей қалпы бар. Қатысың болса да, болмаса да, еріксіз аландатып, тоғышар көңіліңді тобасына түсіретіндей суық, сұсты болмыс елес береді. Тоталитаризм кезінде қорқып, үркіп, жаншылып қалған рух тәуелсіздік алғаннан кейінгі еркіндікке қанып болмай жатып, “таз кепешімді қайта кидім бе?” деп, мойнын ішіне тарта қойды.

Бірақ Ібітан Меңдекешовтің қамауға алынатынына ешкім сенген жоқ. Тіпті, анық біліп отырғандардың да осылай болады деп айтуға батылы жетпеген. Өйткені тәуелсіздік алғаннан бергі он жылда бұл елде бірде-бір саяси тұлғаға аяғы өлім-жітімге апарып соғатындай қастандық жасалмаған еді. Үлкен лауазымды қызметте жүріп, ішіп қойды, жеп қойды дегендердің де бірде-біреуі

түрмеге отырғызылмаған болатын. Сөйткеннің өзінде, бір-екі адамның тағдырына бола, заман ауқымы бір күнде тарыла қалғандай көрінді.

Іле “Ібітан Меңдекешов осы қаладағы бір елшіліктің ғимаратына қашып кіріпті” деген әңгіме шықты. Үкімет бұл оқиғаны теледидарға телмірген халықтан жасырған жоқ. Саяси эмигрант деген ұғым бұл халықтың санасына әлі сіңе қоймаған. Қанша сүйкімі болса да, қашып-нысқан адамға бұл халық қатал қарайтын. Ібітан Меңдекешовтің ізіне сол күні-ақ күдік ілесті.

— Кешіріңіз... Сізді алып кетуге келдік, — деді азаматтық киімдегі түсі суық еңсегей кісі.

— Біз бұрын кездесіп пе едік? — деді ол аузына басқа сөз түспей.

— Жоқ, кездескен жоқпыз, — деді анау мүдіріңкіреп барып. — Бірақ сізді білем ғой.

— Солай ма? — деді бұл ұзын кірпіктері жыпылық етіп. — Саған тапсырған екен ғой.

Олар елшіліктің шыға берісіндегі көлегей қараңғылықта бір-бірінің түрін анық көре алған жоқ. Бір-бірінің бетіне анықтап тура қарай да алмаған. Өзі кезінде дамдес-түздас болған, ісі күдікті көрінсе де, кісілігіне салып ара түскен әлгі... Әлгі Қара Қылышқа зығырданы қайнады. Кең дүниенің тар қапасқа айналарын сезіп, асау жүрегі кеудесін жарып шығардай бір бұлқынып қалды. Бұл текетірестің тап осылай аяқталарына ол да сенбеген. Жо-жоқ, бір кісіге сенген, бәлтіріктей талап-талап, бауырына қайта тартар деген. Қайран қазақы көңіл, тыныш жатқанда не түртті, өлде алданды ма? Бір кесек ащы өксік тамағына тірелді. Қайдағы жас түркі?! Қайдағы демократ?! Кім ара түседі, енді?! Ешкім!.. Ешкім!.. Ешкім!..

Артына жалт бұрылып, шетелдің туы тігілген сұсты ғимаратқа жүдырығын түйе, жек көре қарады.